

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 және 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1369 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысында :

көрсетілген қаулының 1-қосымшасында:

IV "Шығындар" деген бөлімде:

08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" деген функционалдық топта :

03 "Ақпараттық кеңістік" деген ішкі функцияда:

236 "Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі" деген әкімші бойынша:

001 "Ақпарат саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген бағдарлама бойынша :

002 "Аумақтық органдардың аппараттары" деген кіші бағдарламада "119608" сандар "125083" сандармен ауыстырылсын;

009 "Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру" деген кіші бағдарламада "10000" деген сандар "4525" деген сандармен ауыстырылсын;

2) "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысында :

көрсетілген қаулының 324-қосымшасында :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген бағдарламаның 5-бағанында :

реттік нөмірі 3-жолда "76 принтерді ұстау және қызмет көрсету" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің таратылған аумақтық органдарының қызметкерлеріне жұмыстан шығу жәрдемақысын төлеу";

реттік нөмірі 5-жолда "3" деген сан "2" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК